«Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Қызыл-Қазақстан ауылының Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта мектебі» КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың шағын орталық шағын орталығы 2015 жылдан бастап 26.08.бұйрығымен қолданысқа енді.Күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеді. 2010жылдан бастап шағын орталық толық күн жұмыс істеді.

Шағын орталық және мектепалды даярлық сыныбы мектеп жанында, Ауданы: 23,2 кв метр.

Шағын орталықта қолданыстағы бөлмелер саны - 1.

6-тарау. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

«Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Қызыл-Қазақстан ауылының Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта мектебі» КММ жанындағы КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың шағын орталығы мен МАД тобының тәрбиешілері ұйымдастырылған оқу қызметінде оқу-әдістемелік кешендерді тиімді қолдана біледі. Балалардың шығармашылық қабілетін, логикалық ойлау іс-әрекетін, ақыл-ой белсенділігін дамыту мақсатында «Санамақ», «Ақбота» өлеңдер мен әңгімелер жинағы т.б оқу-әдістемелік жинақтарды жиі пайдаланады. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс жасайды. Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымшаға сәйкес басшының қолымен және мөрімен расталған кесте қоса берілді.

7-тарау. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы.

Балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы және қауіпсіз жағдайлар жасау алға қойған мақсаты болып табылады.

Міндеті:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құруды;
- балаларды қызықты ойын түрінде (шаршауды болдырмау үшін) тәрбиелеу, оқыту және дамытуды;
- баланы білім беру процесіне толыққанды қатысушы (субъект) деп тану;
- мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіруді (қауіпті немесе қауіпсіз әрекеттерді бағалай білу; эмоцияларын басқару; баланың жалпы когнитивтік дамуы);
- әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

Ұлттық дәстүрлер мен адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатында күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммалар, перспективалық жоспарлар, жылдық жоспарлар бар.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі ұйымдар мынадай негізгі міндеттерді атқарады.

1. Балалардың өмірін және денсаулығын қорғау .
 2. Тәрбиеленушілердің дене зияткерлік және жеке тұлғалық дамуының қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайларды жасау.
 3. Сапалы мектеп алды даярлауды қамтамасыз ету.
 4. Азаматтылықты Қазақстандық патристизмді адам құқығымен бостандықтарын құрметтеуді қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.
 5. Баланың толық қанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара қимыл жасау .
- Жыл бойы шағын орталық балалары перспективалық жоспар бойынша балапан тобының оқыту нәтижелері төмендегідей болды.

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы;

Мектеп жасына дейінгі балаларда жылына 3рет мониторинг парағы жүргізіледі.

Бастапқы, аралық және қорытынды. Сонымен қатар жылына 1рет әр балаға жеке даму картасы қоса жүргізіледі.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің талдауы жасалады, үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің болуы және талдануы жасалады.

Бағаланатын кезеңге баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің оқыту нәтижесі, даму мониторингінің бастапқы нәтижелері, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелері және балалардың жеке даму картасы қоса беріледі.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау.

Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: білім беру ұйымының барлық тәрбиеленушілерінің мониторингінің, жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері
Талдау нәтижелері: шағын орталық оқушылардың дамуының бастапқы мониторингін ұсынды.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісі әр жылға бар, жинақталған. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған:

- 1) бірінші деңгей – бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады;
- 2) екінші деңгей – бала белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді;
- 3) үшінші деңгей – бала өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады.

Кіші топ

Денсаулық саласы бойынша оңға, солға бұрылу; саусақ (ашып, жұму), қол (жоғары, жан-жаққа көтеру), аяқ жаттығуларын жасау, саппен жүгіру; секіру; кедергілерден аттауды, айналып өтуді, еңбектеуді, өрмелеуді үйренеді. Еденде отырған қалпында таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру алға, жанына, артқа қадам жасау, аяқты алға өкшеге қою, табандарды бұгу жазу қатарында тұрған отырған адамға қолындағы затты бере отырып тұлғасын оңға солға бұру. Шалқасынан жатқан қалта қолдары мен аяқтарын бірдей қимылдатып аяқтарын көтеру және түсіру арқасынан бүйіріне ішіне және кері қарай аударылуы. Бір орнында тұрып екі аяқпен секіру, алға қарай ұмтыла екі аяқпен секіру. Қолды кеудеде айқастыру және екі жағынан жазу артына жіберу шапалақтау. Таяныштан ұстап отырып аяқтың ұшымен тұру, алға жанына артқа қадам жасау аяқты алға өкшеге қою, табандарды қатарында тұрған отырған адамға қолындағы затты бере отырып артқа жату. Тепе-теңдік сақтау жиектер шектелген тура жолақпен гимнастикалық орындықтың үстімен еңіс тақтайдың үстімен ені 25см, бір басы 15-20см көтерілген жүру заттарға шығу. Гимнастикалық орындыққа жұмсақ модельге және т.б

Қатынас білім беру саласы бойынша сөздерді толық айтуды, дыбыстарды дұрыс айтуды, байланыстырып сөйлеу, ертегі кейіпкерлерін білу. Айналадағы адамдардың сөзін есту және тыңдау. Түрлі дыбыстарды саралау. Дауыстың қатылығы мен айтылуы жылдамдығын ажырата білу. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың ызың және үндіден басқа еліктеу сөздерін қолдана отырып дұрыс айтуды үйрену. Дыбыстарды, сөздерді және сөз тіркестерін дауыстың қарқынын екпінін күшін есепке алып дыбыстарды дәл айтуды қалыптастыру. Халық ауыз әдебиетін баулу. Балалардың түрлі әрекеттегі ауызша және байланыстыра сөйлеуді дамыту. Дыбыстардың дұрыс айтылуын байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру. Балалардың белсенді сөздік қорын нығайту, заттарын қасиеттерін және олардың әрекеттерін атау. Айналасындағылардың сөздерін тұрмыстық немесе ертегілер тақырыптарындағы әңгімелерді көрнекіліксіз тануға баулу. Сөз тіркестерін айту 3-5сөзбен. Таныс шығармалардан үзінді ойнауға үйрету. Кітаптарды суреттерді қарау. Олардың мазмұны бойынша сұрақ-жауаптар құрастыру. Көлемі бойынша шағын өлеңдер мен тақпақтар жаттауға бекіту.

Шығармашылық білім беру саласы бойынша Балалардың құзыреттілік көрсеткіштері өте жақсы, балалар әуенді мұғаліммен қосылып айта алады, мәтінді жылдам жаттайды, әуенімен орындай алады, әуенді жақсы қабылдайды. Сонымен қатар қазақтың ұлттық

аспаптарын таниды, суреттерін сала алады, аттарын жатқа біледі. Тәрбиешінің айтуы бойынша алынған пішіндерді құрастыра біледі. Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту. Балалардың көркемдік қабылдауларын дамыту. Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру. Қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету. Музыка тыңдауға қызығушылықты және түрлі жанрлар музыкалық шығармаларды ән, марш, вальс баяу және көңілді әндерді тыңдау ережесін сақтауға қалыптастыру. Тәрбиешінің дауыс ырғағына еліктеу. Әннің сөздерімен жеке буындарды айту. Созылыңқы дыбыстарға еліктей отырып ересекпен қосылып ән айту. Сурет салу техникасын жетілдіру. Сазбалшықты дұрыс қолдануға жетілдіру.

Әлеуметтік білім беру саласында барлық балалар өз беттерінше әрекет ете алады, достарымен сыныптастарымен жақсы қарым қатынаста. Олар бірімен жақсы араласады, әңгіме айтады, қалжыңдасады. Барлығының тәрбиелері жақсы және мәдениетті сөйлеуге үйренген. Үлкендермен амандасуды, сыйлауды біледі. Табиғат материалдарының қасиеттерімен және (құм шашылады құмнан қуыршақтарға ыдыс мүсіндеуге болады) таныстыру. Бір-бірінің атын атап қарым-қатынас жасай алу. Жолдастарының есімін есте сақтау. Суреттен жануарларды тауып атау. Жануарлардың сипаттылық ерекшеліктерімен танысу. Дене бөліктерін ажырата және айта білу. Үй құстарымен таныстыру өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсету. Аулаға ұшып келетін құстарды таныстыру. Қоршаған табиғаттың сұлулығын байқау біліктерін қалыптастыру.

Таным білім беру саласы бойынша көрсеткіштер ересектердің көмегімен қарапайым құрылыстарды құрастыра алады іс әрекет орындауға болатын қарапайым заттарды құралдарды қолданады негізгі төрт түсті ажыратады ересектердің нұсқауын түсінеді және айналасындағы кеңістікті заттарды таба алады:

- әр бала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие;
- әр бала өзінің білетінін жасай алады;

Осы білім саласы бойынша шағын орталық жақсы көрсеткіштерді көрсетеді. Заттармен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру. Ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып тапсырмаларды орындау. Түрлі сенсорлық әсерлермен байыту. Түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді негізгі түсі әр түрлі көлемі неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және әрекеттеуді жетілдіру. Берілген үш, төрт сенсорлық қасиеттеріне байланысты түсі көлемі өлшемі бойынша әр типті байланыс орната білу. Заттардың санын ажырата білу (біреу-көп). Әр түрлі көлемдегі заттарға үлкен үй, кішкентай үй, үлкен матрешка, кішкентай матрешка, үлкен доп, кішкентай доп және оларды сөйлеуді атауға назар аудару біліктерін қалыптасыту. Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас бір текті заттарды топтастыра алады.

Ересек топ

Денсаулық саласы бойынша қолды алға екі жаққа, жоғары көтеру тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару, саусақтарын бүгіп қолдарын айналдыра қимылдарды орындау. Екі қол белде кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу. Оңға солға иілу, еңкею, шалқаю, алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына көтерілу екі аяқты кезекпен алға өкшемен содан кейін ұшымен қою тоқылдату. Жүгіру бір қалыпты аяқтың ұшымен тізені жоғары көтеріп жүгіру, кіші және үлкен қадаммен жүгіру. Сапта бір-бірімен түрлі бағытта жүру. Түрлі тапсырмалармен жүгіру, шапшаң және баяу қарқынмен жетекшімен ауыса отырып жүгіріп, 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру. Орта жылдамдықпен жүру, кезектестіре отырып 40-50 метр жүгіру. Домалату, қағып алу, лақтыру, заттар арасымен доптарды құрсауларды домалату допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу, допты екі қолмен бастап асыра кедергі арқылы лақтыру. Бір орында тұрып екі аяқпен секіру 2-3 рет жүрумен кезектестіре отырып 10 рет секіру. 2-3 метр қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру, бір орында оңға, солға бұрылып секіру, баланың қолын көтергендігі бейіктіктен жоғары ілінген нәрсеге орнынан секіру арқылы 40-50 см биіктікте секіру.

Қатынас білім беру саласы бойынша жануарлар және олардың төлдерін атауларын білдіретін сөздерді сөздердің түрлі тәсілдерімен жасалуын заттардың жекеше және көпше түрінде қолдануы, мазмұндау, таныс ертегілердің мазмұнын айтуда, мазмұнын жүйелігін

сақтауға, диалогты сөйлеуге кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. Әңгімеге қатысты және тілді түсіну тыңдау біліктерін көлемі шағын тақпақтарды жатқа айтқызу. Сурет бойынша заттар мен ойыншықтар туралы әңгіме үлгі бойынша әңгіме құрастыру, шағын әңгімелер мен ертегілерді айтып беру дағдыларын қалыптастыру. Ұсынылған мазмұн бойынша сахналауға үйрету. Адамгершілік нормалары туралы түсінік беру. Ересектермен және құрдастармен қарым-қатынас адамдардың сезімімен қарым-қатынасын көрсету әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарастарын білдіру таныс сюжеттерді бойынша ертегілерді саханалау ертегі желісі ретімен орындауға үйрету. Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдау дағдыларын қалыптастыру. Ұсынған тақырып бойынша әңгіменің басымен соның құрастыруға үйрету.

Шығармашылық білім беру саласы бойынша қоршаған ортаның әсемдігіне өнер туындыларына тұрмыстық заттарға қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық қабылдауын дамыту. Қарапайым табиғат құбылыстарын салу қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту элементтердің пішінін реттілігін олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып жазықтықта оюларды орналастыру. Ермексазды, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу. Балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуге үйрету. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюға үйрету. Әртүрлі сипаттағы қарқынды музыканы қабылдау текшеден дөңгелек пішін, тік төртбұрыштан бұрыштарын бекіту арқылы сопақ пішін қиюға ересектердің көмегімен бөліктерді желімдеуге желімді, сүлгіні қолдануға үйрету. Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде тану және атау.

Әлеуметтік білім беру саласында әлі табиғат нысандары су, жер, ауа, күннің көзі туралы білімдерін кеңейту. Жазғы және күзгі табиғатты олардың қарапайым өзгерістерін бақылау дағдыларын дамыту. Балабақшаның ауласындағы кейбір ағаштардың бұталардың түрлері жайлы білімдерін баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуге ықпал ету. Көлік түрлерін қолданысын жүктің сипатын және қолдануы машинаның құрылысына тәуелділігі туралы жедел жәрдем өрт сөндіру машинасымен және т.б мамандықтар және ересектердің еңбегімен таныстыру. Сызбаны қолданып ірі және ұсақ материалдарынан құрастыру. Көкөністер мен жемістерді ыдыстар ойыншықтар жануарларды бейнелеу. Саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндеу. Текшеден дөңгелек пішін тіктөртбұрыштан бүктеу арқылы сопақ пішін қиюға ересектердің көмегімен желімдеуге желімді, сүлгіні қолдануға үйрету.

Таным білім беру саласы бойынша көрсеткіштер әр түрлі түстен өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру. Сан санау бес көлемде санау заттардың үлгісі бойынша және аталған сан бойынша санау дағдысын қалыптастыру. Сандарды реті бойынша атауға және қорытынды санды атауға барлығы қанша сұрағына жауап беруге үйрету. Бірінің астында бірі екі қатарда орналасқан заттардың екі топты салыстыруға үйрету. Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру. Таңертең, күндіз, кеш, түн, тәулік бөліктерін атай білуге дағдыларын қалыптастыру. Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру негізінде тең немесе тең емес екендігін анықтай білу. Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарын қалыптастыру. Салыстыратын топтар бір және екі, екі және үш, төрт және бес. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру. Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру. Шаманы салыстыруда беттестіру және тұтастыру тәсілдерін қолдану.

МАД сыныптары.

Денсаулық саласы бойынша жүруді (тез, жылдам, аяқтың ұшымен, тізерлеп, жүгіру) біледі, бірақ баяу, сенімсіздік басым болатын. 1-тоқсанның ортасында балалардың спортқа

деген ынталары көтерілді; себебі - оларға сапқа тұру, сап түзеу, саппен жүру, таңертеңгілік гимнастикаларды жасап, спорт залда ойнаған олар үшін таңсық жағдай болды. Уақыт өте келе балалар спорттың адам өміріне пайдасы зор екенін түсіне білді. Допты сапта тұрып кеуде тұсынан алысқа лақтыруға үйрету. Күш секілді дене сапасын дамыту. Өртүрлі жүру түрлерінің дұрыс техникасын үйретуді жалғастыру. Сапта тұруды уақытқа сапта тұруды дағдыларын жетілдіру. Басқа балалармен бірге жаттығуды қалмай жасауға дағдылауға үйрету. Зейінді шоғырландыра талдау мен біріктіру жүйелерін үйлестіре білу. Қар кесегін көлделен нысанға лақтыруды үйрету. Қолды жоғары алға белсенді шығара отырып, алға сермеп лақтыруға дағдыландыру.

Қатынас білім беру саласы бойынша айтатын болсақ жыл басында балалардың көпшілігі әріпті танымайтын, ойын ашық жеткізе алмайтын ұяң болатын. Тілдері дұрыс дамымаған. Балалар бір-біріне үйреніп, мұғалімге үйренісіп ашыла бастады. Мәтіндер бойынша әңгімелеуді, ойларын толық жеткізуді үйренді. Тілдері жаттығып дыбыстарды дұрыс айтуға бейімделді.

2-тоқсанның аяғына дейін балалардың басым бөлігі әріптерді танып, олардың дауысты дауыссыздарын ажыратып, дыбыстық талдау жасап, буынға бөлетін болды. Жалпы айтатын болсақ, даярлық тобының ішінде 2-3 баланың есте сақтау қабілеттері төменірек, әріптерді ұмытып қалады, шатастырады, буынға бөліп, әріптерді қосып оқуға қиналады. Сөйлем құрау дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру. Сөзде түсіп қалған тиісті дыбыстарды табу қандайда бір дыбысқа сөз құрау сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Сөздегі дыбыс санын анықтай білу суреттер қандай дыбыстан құралғанын анықтай білу. Сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен айту және сызбамен белгілей алу дағдыларын бекіту берілген буынға сөз құрау дағдылары ойындар арқылы шапшаңдық, төзімділік секілді қасиеттерді дамыту. Сөздегі жетпейтін буынды аяқтауға, берілген дыбысқа сөздерді жылдам құруға жаттықтыру.

Шығармашылық білім беру саласы бойынша балалардың құзыреттілік көрсеткіштері өте жақсы, балалар әуенді мұғаліммен қосылып айта алады, мәтінді жылдам жаттайды, әуенімен орындай алады, әуенді жақсы қабылдайды. Сонымен қатар қазақтың ұлттық аспаптарын таниды, суреттерін сала алады, аттарын жатқа біледі.

Әлеуметтік білім беру саласында барлық балалар өз беттерінше әрекет ете алады, достарымен сыныптастарымен жақсы қарым-қатынаста. Олар бірімен жақсы араласады, әңгіме айтады, қалжыңдасады. Барлығының тәрбиелері жақсы және мәдениетті сөйлеуге үйренген. Үлкендермен амандасуды, сыйлауды біледі. Сурет салудағы сүйкей жағу қағаз бетіне дақ түсіру балаларға тостаған және оған құйылатын сусындар туралы білім беру қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту, пішінді мүсіндеудің әдістерін пайдалана отырып жемістерді мүсіндеу дамытылушылық бейнені салыстыру затпен салыстыру мүсіндегі сәйкестекті анықтай білу. Ермексаз кесектерін үзу жаншу созу тәсілдерін қолданып себетті мүсіндей алу білімдерін бекіту жұмыс барысында тазалыққа, бір-біріне өзара көмектесуге жақсы нәтижеге жете білуге өз түсініктерін қалыптастыру.

Таным білім беру саласы бойынша көрсеткіштер балалар 1-20 дейінгі сандарды таниды, 1-20 дейін сандарды қосып алады сонымен қатар пішіндерді таниды, ажырата алады. Мысалдар мен есептер құрастыра алады және оларды шеше алады.

Балалардың даму үлгерімі мен оқу үлгерімдері бойынша мынандай деңгейді көрсетеді:

- Сыныпта тыңдалым жақсы;
- әр бала өзінің не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие;
- әр бала өзінің білетінін жасай алады;

Осы білім салары бойынша мектепалды даярлық сыныбы жақсы көрсеткіштерді көрсетеді.

Мектепалды даярлықта мерекелерге байланысты іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Атап айтатын болсақ, Алтын күз мерекесі, әртүрлі шаралар өтіп, тәрбиеленушілер әр мерекеге сай киініп, өз өнерлерін көрсетеді. Цифрмен саның сәйкестендіруге үйрету, заттардың сәйкестендіру дағдыларын қалыптастыру. Есте сақтау сөйлеу назар аудару дағдыларын дамыту, зейінмен есте сақтау қабілеттерін дамыту.

8-тарау. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б сауалнамасы

«Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Қызыл-Қазақстан ауылының Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта мектебі» КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың шағын орталығының ата-аналар және тәрбиешілер кешенді тестілеу қорытындысы бойынша

«Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттің мекемесі «Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың шағын орталығы білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында даярлық сыныбында ата-аналарға арналған сауалнама жүргізілуі қажет еді, бірақ 2024-2025 оқу жылында даярлық сыныбында тәрбиеленушілер болмағандықтан сауалнама жүргізілмеді.

9-тарау. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

"Ақмола облысы Білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта мектебі " КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың шағын орталығының өзін-өзі бағалау қорытындысы.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары кезеңінде шағын орталықтың өзін-өзі бағалау барысында: шағын орталық педагогтарының педагогикалық және басқару қызметінің жай-күйі мен нәтижелері.

- педагогикалық процесті әдістемелік қамтамасыз ету.

- тәрбиеленушілердің білім сапасы, МАД балаларының мектепалды даярлық сыныбы мен шағын орталық тәрбиеленушілерінің екі тобының оқу деңгейі зерттелді. Шағын орталық өз қызметінде үйлесімді дамыған зияткерлік тұлғаның қалыптасуы мен дамуына бағытталған. Шағын орталықта Қазақстан Республикасының МЖМБС шеңберінде білім беру процесі жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты-мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға қажетті бастапқы білімді, дағдыларды қалыптастыру.

Мәселелерді талдау барысында оларды шешудің оң жолдары белгіленді. Анықталған кемшіліктерді жою бойынша төмендегідей міндеттер анықталды.

1. Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру мақсатында тәрбиеленушілердің уәждемесін арттыру қажеттілігі.

● Зияткерлік және шығармашылық қызметтің әртүрлі салаларында дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.

● Дарынды және оқуға ынталы тәрбиеленушілерді психологиялық сүйемелдеуді оңтайландыру.

Педагогикалық ұжым алдына келесі міндеттерді қояды:

* Оқудың 1 сатысында білім беруді жалғастыру үшін қажетті мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы білім беру дайындығының негізін қалау;

* Баланың өз денсаулығына саналы көзқарасын дамыту, қозғалыс белсенділігін дамыту және физикалық қасиеттерді қалыптастыру;

* Балада айналасындағылармен қарым-қатынас жасай алатын тұлғаны тәрбиелеу үшін қажетті коммуникативтік дағдыларды дамыту, сөйлеудің грамматикалық жағын қалыптастыру, балалар әдебиетімен танысуды дамыту, мәнерлеп оқу және қайталау, мемлекеттік тілді дамыту;

* Мектеп жасына дейінгі баланың жеке басын, оның қиялын, Отанға деген сүйіспеншілігін, үлкендерге деген құрметін, жағымды мінез-құлқын және басқаларға мейірімді қарым-қатынасын дамыту.

* Жансыз табиғат объектілері мен құбылыстары, қазақ және басқа халықтардың әлеуметтік-мәдени құндылықтары, дәстүрлер мен мерекелер, жердегі табиғат ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту.

Шағын орталықты басқару мектептегі әртүрлі деңгейдегі ұйымдасқан басқару органдарының арқасында жүзеге асырылады:

- ✓ Педагогикалық кеңес
- ✓ Қоғамдық ата-аналар комитеті
- ✓ Мектеп әдістемелік кеңесі

Шағын орталық өз қызметінде ҚР Конституциясын, "Білім туралы" ҚР Заңын, басқа да республикалық, өңірлік заңнамалар мен нормативтік актілерді, сондай-ақ мектептің әртүрлі құрылымдары мен басқару тетіктерінің қызметін реттейтін әзірленген және бекітілген Ережелерді басшылыққа алады.

Педагогикалық ұжым білім беру үдерісі субъектілерінің жан-жақты дамуы мен өзін-өзі тәрбиелеуі үшін, жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қазіргі заманғы сұраныстарына сәйкес келетін білім берудің жаңа сапасына қол жеткізу үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау бойынша жұмыс істейді.

Сонымен қатар, шағын орталықтың өзін-өзі аттестаттау барысында бірқатар проблемалар анықталды:

Ата-аналардың ата-аналар жиналысына қатысуы төмен. Ұжымның тұрақты ішінара жаңаруына байланысты жылдық міндеттерді шешу қиынға соғады. Жаңа мұғалімдерге берілген қарқынмен жұмыс істеу қиын, ұжымның дәстүрлеріне сәйкес жұмыс істеу керек.

Білім беру қызметінің сапасын арттыру, тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, балалардың шығармашылық әлеуетін қолдау және дамыту мәселелерін шешуде ұжымның әлеуетін ашу қажет.

10-тарау. Қорытынды мен ұсыныстар

Педагогтердің кәсіби қызметінде шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру үшін жағдай жасау;

Барлық педагогикалық ұжымның және отбасына жәрдемдесу қызметі арқылы шағын орталық пен отбасының өзара іс-қимылын арттыру.

Шағын орталық педагогтерінде жаңа құзыреттіліктерді қалыптастыру, олардың кәсіби деңгейін арттыру.

Мектепке дейінгі ұйымды дамытудың барлық процестері бойынша сапаны қамтамасыз ету.

Тақырыптық семинарлар жүйесі арқылы педагогтердің біліктілігін арттыру; Заманауи ақпараттық технологияларды игеру бойынша тәрбиешілердің біліктілігін арттыру;

Білім беру процесін электронды түрде дидактикалық қамтамасыз ету жүйесін оңтайландыру.

Бағдарламалар мен технологиялар бойынша шығармашылық топтың жұмысына жас педагогтарды тарту.

Өзін-өзі бағалау материалдарына жүргізілген талдау «Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімінің Жыланды» КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың шағын орталығы 2020-2022 оқу жылдары және 2022-2023 оқу жылының бойынша қызметін көрсететін бөлімдер бойынша жасалды.

Бағалау критерийлеріне қосымшаларда келтірілген мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің сандық және сапалық көрсеткіштерінің негізінде аттестаттау комиссиясының мүшелері «Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімінің басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімінің Нұрғабыл Малғаждаров атындағы» КММ жанындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың шағын орталығы өзін-өзі бағалау қорытындысын шығарды:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру қызметі оқыту және тәрбиелеу саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге және мектептің құқығын белгілейтін құрылтай,

рұқсат беру құжаттарына: білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға және медициналық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мектептің жұмыс оқу жоспары толық көлемде орындалады, перспективалық жоспар мектеп директорымен бекітіледі.

3. Ұйымдастырылған оқу қызметі пәндерінің базалық мазмұнын игеру жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Бiңғайлы және қолжетiмдi бiлiм беру ортасы қамтамасыз етiледi (iс-шараларда, вариативтiк компонент курстарымен қамтылған).

5. Оқу-тәрбие процесiнiң барлық тараптары мектепiшiлiк бақылаумен қамтылған.

6. Бiлiм деңгейiн арттыру мақсатында тәрбиеленушiлердiң бiлiм сапасына тұрақты негiзде талдау және мониторинг жүргiзiледi.


Алынған мәлiметтер бойынша мектептiң өзiн-өзi бағалау нәтижелерi ұсынылатын бiлiм беру қызметтерiнiң МЖМБС жалпы талаптарына сәйкестiгiн растайды.


Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін ескере отырып (2,3,4,5-қосымшалар) мектеп қызметінің барлық бағыттары бойынша жүргізілген жұмысты талдау негізінде сараптама комиссиясы келесі қорытынды жасайды:

«Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімінің Нұрғабыл Малғаждаров атындағы негізгі орта мектебі» КММ жанындағы «Балбөбек» шағын орталығының жұмысы «жақсы» бағасына сәйкес келеді.

Ахметова Г.А..комиссия төрайымы 

Асылбекова А.Е.комиссия мүшесі 

Анапин Б.К. комиссия мүшесі 

Казымбекова А.Н.комиссия мүшесі 

Магзумова Р.Б. комиссия мүшесі 

Салимжанова А.Ж.комиссия мүшесі 

